

**ISSN: 1814 - 6961**  
**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2022, № 1 (97)**

**1 /2022**

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым Комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редакторы:**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

**Жауапты редактор:**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшылар:**

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель:**  
Министерство Образования и науки Республики Казахстан  
Комитет Науки  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**  
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

**Ответственный редактор**  
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**  
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**  
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

**Адрес редакции:**  
050100, Республика Казахстан,  
г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова  
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>  
Тел.: +7 (727) 272-46-54.  
E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан  
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно  
делается ссылка на журнал.

**Founder:**

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan  
Committee of Science  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

**Chief editor**

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board:**

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

**Executive Editor**

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Scientific Editor**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Technical secretary**

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

**Editorial office address:**

050100, Republic of Kazakhstan,  
Almaty, Shevchenko str., 28  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov  
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com) .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan  
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,  
a link to the magazine is necessarily made.

- Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK). 1773-q., 1-t., 34-is, 14, 20-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 50-is, 5-6-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 62-is, 7-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 82-is, 29-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 94-is, 17-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 104-is, 44-46-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 149-is, 22-23-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 210-is, 19-p.  
 CSA RK. 1773-q., 1-t., 257-is, 38-p.  
 CSA RK. 1776-q., 1-t., 362-is, 10-11-p.  
 CSA RK. 1776-q., 1-t., 460-is, 21-p.  
 CSA RK. 1776-q., 1-t., 514-is, 49-p.  
 CSA RK. 1776-q., 1-t., 701-is, 26-p.  
 CSA RK. 1776-q., 1-t., 816-is, 164-p.  
 CSA RK. 1776-q., 1-t., 900-is, 51-p.  
 Kazak SSR-i tarihiy. [History of the Kazakh SSR].5 tom. Almaty: Gylym, 1984. 728 b. [In Kazakh].  
 Kazakstan monumenttik oneri. [Monumental art of Kazakhstan].Almaty: Òner, 1989. 208 b. [In Kazakh].  
 Osipov D.M. O partijnosti Sovetskoj zhivopisi. [On the partianship of Soviet painting]. Moskva: Sovetskij hudozhnik, 1960. 130 s. [In Russian].  
 Telzhanov K. Omir zholynda. Na zhiznennom puti. On Life Journey. Almaty: Asyl soz, 2014. 296 b. [Written in three languages: Kazakh, Russian, and English].  
 Truspekova H. Zhana zaman sauleti. Almaty: Aspantau, 2018. 200 b. [In Kazakh].

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961\_2022\_1\_160

## М. ШОҚАЙ - МҰСЫЛМАН ЭМИГРАНТТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Ә.Қ. Бәкір<sup>1\*</sup>, С.Т. Тайман<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Қазақстан, Қызылорда

\*Автор-корреспондент

E-mail: abdizhalel\_bakir@mail.ru (Бәкір), st-1968@mail.ru (Тайман)

**Түйіндеме.** Түркістанұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20-жылдан астамын Еуропаның ортасында, Францияда аса күрделі эмиграциялық жағдайда өткізді. Жарқын саясаткер, жалынды публицист және тамаша шешен Стамбул, Париж, Берлин және Лондон т.б қалаларда тиісті мінбелерде жасаған баяндамаларымен, өзінің түрлі тілдердегі басылымдарында Кеңес Одағындағы большевиктік ұлттық саясатты әшкереледі. Сондай-ақ алдымен 1924 жылы құрылған «Түркістан Ұлттық Бірлігі» Орталық комитетінің мүшесі, кейін жетекшісі ретінде Мұстафа Шоқай ұйымның Түркістан халықтарының тұтастығын сақтаумен, олардың бір орталыққа бағынған ынтымақтастығын нығайта түсумен байланысты ең маңызды міндеттерін нақты тұжырымдай білді. Түркістанның жауларытым күшті екеніне, сол себепті олардың отарлық саясатымен тиімді күресу үшін ұлттық ұйымдардың бір-біріне тілектес болуына, ынтымақтас және тиімді қарым-қатынас жасау мәселелеріне ерекше назар аударды. Ол эмиграциядағы азаттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасын қалыптастырды, қазақ тарихындағы ұлттық күрестің жаңа түрін бастан кешірді. Осылай Мұстафа Шоқай Еуропада мұсылман эмигранттарының сөзсіз көшбасшысы бола алды.

**Кілт сөздер:** азаттық, эмиграция, көшбасшы, демократия, тәуелсіздік, большевиктік саясат. ұлттық ынтымақ, стратегия мен тактика, тәуелсіздік.

*Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен АР09259892 «Мұстафа Шоқай мұрасындағы қолжазбалардың тарихи-деректік құндылығы» атты жоба аясында дайындалды*

МРНТИ 03.20.00

**М. ШОКАЙ – ЛИДЕР МУСУЛЬМАНСКИХ ЭМИГРАНТОВ****А.К. Бакир<sup>1\*</sup>, С.Т. Тайман<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата. Казахстан, Кызылорда

\*Автор-корреспондент

E-mail: abdizhalel\_bakir@mail.ru(Бакир), st-1968@mail.ru (Тайман)

**Аннотация.** Лидер Туркестанского национально-освободительного движения Мустафа Шокай последние 20 лет своей жизни провел в сложной эмиграционной ситуации в Центральной Европе, во Франции. Блестящий политик, ярый публицист и блестящий оратор, он разоблачал большевистскую национальную политику Советского Союза в своих многоязычных изданиях с выступлениями на соответствующих трибунах в Стамбуле, Париже, Берлине, Лондоне. Мустафа Шокай, член ЦК Туркестанского национального единства, созданного в 1924 году, а впоследствии и его руководитель, сумел четко определить важнейшие задачи организации, связанные с сохранением целостности туркестанских народов и укреплением их централизованного сотрудничества. Вместе с этим он подчеркивал, что враги Туркестана слишком сильны, чтобы эффективно бороться с его колониальной политикой национальным организациям необходимо особое внимание уделить вопросам дружбы, сотрудничества и взаимовыгодных отношений. Таким образом он сформировал стратегию и тактику освободительного движения в условиях эмиграции, новую форму национальной борьбы в истории казахского народа. Так Мустафа Шокай стал бесспорным лидером мусульманских эмигрантов в Европе.

**Ключевые слова:** свобода, эмиграция, лидер, демократия, большевистская политика, национально-солидарность, стратегия и тактика, независимость.

IRSTI 03.20.00

**M. SHOKAY – LEADER OF THE MUSLIM EMIGRANTS****Bakir A.K<sup>1\*</sup>, S. Taiman<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Korkyt ata Kyzylorda University. Kazakhstan. Kyzylorda

\*Corresponding author

E-mail: E-mail: abdizhalel\_bakir@mail.ru(Bakir), st-1968@mail.ru (Taiman)

**Abstract.** The leader of the Turkestan national liberation movement, Mustafa Shokay, spent the last 20 years of his life in a difficult emigration situation in Central Europe, in France. A brilliant politician, an ardent publicist and a brilliant orator, he exposed the Bolshevik national policy of the Soviet Union in his multilingual publications with speeches at the respective stands in Istanbul, Paris, Berlin, London. Mustafa Shokay, a member of the Central Committee of the Turkestan National Unity, established in 1924, and later its leader, was able to clearly define the most important tasks of the organization related to maintaining the integrity of the Turkestan peoples and strengthening their centralized cooperation. At the same time, he emphasized that the enemies of Turkestan are too strong to effectively deal with its colonial policy, national organizations need to pay special attention to issues of friendship, cooperation and mutually beneficial relations. Thus, he formed the strategy and tactics of the liberation movement in the conditions of emigration, a new form of national struggle in the history of the Kazakh people. So Mustafa Shokay became the undisputed leader of Muslim emigrants in Europe.

**Key words:** freedom, emigration, leader, democracy, Bolshevik policy, national solidarity, strategy and tactics, independence.

**Кіріспе.** Мұстафа Шокайдың әлемдік деңгейдегі саяси тұлға болып қалыптасуында аса күрделі жағдайдағы эмиграциялық кезең шешуші орын алады. Ол еркін пікірлерге кеңістік берген Еуропаның ортасында орналасқан Франциядағы демократиялық һәм саяси-әлеуметтік жағдайда қайраткерлік және шығармашылық жұмысты ерекше күш-жігермен атқарып, артына мол тағлым, мол мұра қалдырды. Мұнсыз бар ақыл-ой, пайым-парасатын, күш-жігерін берісі Түркістан, арысы бүкіл түркі халқының азаттығына арнаған ұлы тұлғаның рухани әлемін толыққанды ұғына алмаймыз. Оның 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзіндегі: «Біздің құбыламыз-өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан

үшін жан беру - бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы- батыр халық, түрік халқы-арыстан, ер халық» деген өсиеті мен түсінігі өзінің эмиграциялық өмірінің де тұрақты һәм берік танымы болатын (Шоқай, 2014: 48).

**Материалдар мен әдістер.** Тақырыпты ашу түрлі мазмұндағы материалдарды сұрыптауды, салыстыруды, жүйелі зерттеуді қажет етті. Бұл үшін Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өзгеше саяси қызметін, түрлі тілдегі шығармашылық жұмысын пайдалану жеткіліксіз болып, оның аса бай эпистолярлық мұрасына да жүгінуге тура келді. Бұл мәселені Мұстафа Шоқайдың ізбасарлары А. Оқтайдың, Т. Шағатайдың естеліктерінде, белгілі алаштанушы М. Қойгелдиев, шетелдік мұстафатанушы Ә. Қара, отандық мұстафатанушылар - К. Есмағанбетов, Б. Садыкова, Г. Көкебаева, Г. Кыдыралинаның және т.б зерттеулерде де қарастырылады. Мұстафаның өрелі саяси қайраткер, майталман публицист, дүниетанымы жоғары мәмілегер ретінде терең түсінуде, оның өзге эмигранттық ұлт өкілдерімен шынайы қарым-қатынасын көрсету үшін түрлі саяси деңгейдегі, әртүрлі мінез-құлықты кісілермен жазысқан хаттарын оқи отырып, сол кездегі дәуір тынысын да, әрбір қайраткердің өре өрісін де, әлеуметтік әлеуетін де жақсы байқауға болады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың ерекше сергек ұстанымы, қарым-қатынастағы айрықша мәдениеттілігі, замана ұсынған және ортақ әңгімедегі саяси оқиғаларды терең білетіндігі, қиын мәселелерді түсінудегі пайым-парасаттылығы, әділеттілікті ту еткен адами болмысы да ашыла түсті. Бұлар ұсынылып отырған еңбектің өзіндік ерекшеліктерін айқындады деуге болады. Сондықтан қарастырылып отырған мәселе бойынша салыстырмалы, типологиялық әдістер мақаланың өзегі болғанын атап өткен жөн.

**Талқылаулар.** Мұстафа Шоқайдың саяси қызметін жемісті жүргізу мен орыс отаршылдығына қарсы күрестің жаңа стратегиясы мен тактикасын айқындау, Батыс елдерінің кеңестік кезеңдегі Түркістан мәселесін қандай дәрежеде білетіндігі мен түсінігін тану үшін эмиграциядағы қызметін екібағытта қарастырамыз. Біріншісі, ежелден өзіндік мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мол, алып территорияны алып жатқан Түркістанды берісі Еуропаға, одан кейін әлемге таныстыру болды. Екіншісі, Еуропада Кеңес үкіметінің Түркістандағы отаршыл саясаты туралы әділ, шындық көзқарас қалыптастыру еді. Осы мақсатпен саясаткер, қаламы жүйрік публицист Стамбул, Париж, Берлин және т.б қалаларда тиісті мінбелерде сөз сөйлеп, Кеңес Одағындағы түркі халықтары көріп жатқан большевиктік саясатты өшкерелеген баяндамалар жасады, мақалалар жариялады.

Еуропаның дамыған мемлекеттерінің ішінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысты Мұстафа Шоқай Ұлыбританияға ерекше мән беріп, оның Үндістандағы үстемдігінің жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген ықпалын зерделеді. Англияны өз көзімен көру мақсатында ағылшын тілін меңгеріп, тіпті осы тілде бірнеше мақалалар да жазды. 1924 жылдан 1934 жыл аралығында М. Шоқай Лондонда алты рет болды. Осындай сапарларының бірінде Корольдің Халықаралық қатынастар институтында «КСРО және Шығыс Түркістан» деген тақырыпта жасаған баяндамасында Түркістанда атқарылып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің түп-төркінін, саяси астарын барынша дәлдікпен, нақты мысалдармен айшықтап берді. Институт кеңесінің төрағасы Н. Малькольм былайша алғыс білдіреді: «Құрметті Шоқаев мырза! Сіздің «КСРО және Қытай Түркістаны» атты тақырыпта жасаған баяндамаңыз үшін Корольдік Халықаралық қатынастар институты Кеңесінің атынан алғысымды білдіремін. Институтқа көрсеткен қызметіңіз Сіздің тарапыңыздан үлкен ізгілікті іс болды. Сөйлеген сөзіңізге тыңдағандар шын ықылас қойып, риза болды» (Шоқай, 2012: 457).

Осылай түрлі орталарда бола жүріп, мынандай жағдай анықталады: Еуропаның Ресей үстемдік жасап отырған елдердегі саяси-әлеуметтік жағдайдан хабарсыздығы, тәуелсіздік үшін күресте Батыс елдерінің моральдық көмегінен басқа сүйенер күштің жоқтығы. Сондықтан алдымен халықтың тұтастығын сақтау және бір орталыққа бағынған ынтымақтастығын нығайту, азаттық үшін күрес ең алдымен түркістандықтардың өз ісі деп есептелді. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен және т.б. барлығы біркісідей жұмылмай, түркістандық ұран астындағы бірлікті нығайта түсуге ұмтылмай, Түркістанның болашағын қамтамасыз етумүмкін еместігіне көзі жете түсті. Сол себепті «түркістандықтардың бірлігін - ұлттық өмірдің болашағы мен мемлекеттік құрылыстың негізі» санаған Мұстафа Шоқай іс-қимылдың, ой-пікірдің бірлігіне жетудің жолдары мен тетіктері, күрестің қозғаушы күштері мәселелеріне өз еңбектерінде қайта-қайта оралып отырды. Егер 1930 жылы «Көтерілістен-ұйымшылдыққа атты мақаласында: «Әртарапта бытырап жүрген жас түркістандықтарды Түркістанның тәуелсіздік мұраттар жолындағы қасиетті күрес майданына топтастыру - Түркістан ұлттық ұйымының ең маңызды және мандайалды міндеті» - деп атап көрсетсе (Шоқай, 2007: 88), 1937 жылы жазылған «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» деген еңбегінде: «Біздің азаттыққа және тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайту және оны ұлт азаттық орталықтармен тығыз үйлестіру. Бұлай болмаған жағдайда азаттық пен бостандық туралы сөз болуы мүмкін емес» - деп кесіп жазды (Шоқай, 2007: 236).

Еуропада эмиграцияда жүріп азаттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасын қалыптастыруда

Мұстафа Шоқай саяси қызметтің жаңаша һәм тамаша үлгісін көрсетті. Осы сәтте белгілі алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің мынандай пікіріне жүгіне кетсек: «Біз бүгінгі күн биігінен Мұстафа Шоқайұлының азаттық үшін күрестің қазақ тарихындағы мүлдем жаңа түрін бастап бергенін, оның «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» журналдарындағы «Түркістан Кеңестер билігі астында» сияқты белгілі еңбегі соның айғағы екенін мойындауымыз керек» (Қойгелдиев, 1993: 72). Мұндай пікірмен келіспеу мүмкін емес. Мұны ұлы тұлға болмысын азын-аулақ таныған көзі қарақты кісі сөзсіз мойындайды. Бұған біздің де толық көзіміз жетті. Осы туралы біршама ойымызды ортаға салайық.

1923 жылы Париждегі «Orientet Occident» журналында жарық көрген тұңғыш француз тілінде жазылған «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» деген мақаласында Түркістанның автономия жайлы бағдарламасын ұлттық тәуелсіздік бағдарламасына ауыстыру керек екенін жазған еді. Мұны «...орыс империясының отарлау және орыстандыру саясаты, революциялық уақытша үкіметтің әдейі немесе білместікпен жасаған қателері және Кеңес үкіметінің аяусыз езгісі еді» - деп түсіндірген болатын (Шоқай, 2012: 478). Бұл идея Франция Сыртқы істер министрлігі мұрағатында сақтаулы «Түркістан ұлттық қозғалысының мақсаттары мен міндеттері» деген француз парламентінің депутаты Жео Жеральдқа жолдаған көлемді материалда баяндалды. Мұны кейін Түркістан үшін күрес туына айналған «Яш Түркістан» журналының 1929 жылғы тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты мақаласында: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» (Шоқай, 2007: 21). Ал кейінгі жолдарда күрес мақсаты: «Біздің мұратымыз - Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» - деп атап көрсетті (Шоқай, 2007: 22). Бұдан Алаш ардақтыларының бағытын қатаң ұстанған, өз кезіндегі адамзат баласының қолы жеткен әлемдік тарих және әлеуметтік саяси ой-тұжырымдарынан жақсы хабардар жанның рухани күш-қуатын айқын тануға болады.

Профессор Көшім Есмағамбетов Мұстафа Шоқай шығармаларының он екі томдық жинағының алғашқы томының «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының құрылуы» атты бөлімінде бұл мәселені жан-жақты қарастырды. Онда Мұстафа Шоқайдың ұйым жұмысын жолға қою үшін кешенді шараларды жүзеге асырғаны, бұл бағыттағы қиындықтар, Германияға оқуға жіберілген жастардың ТҰБ жұмысына тартылуы, тіпті ұйымның белді мүшелерінің араларында қайшылықты жайлар т.б. мәселелер кеңінен сөз болады (Шоқай, 2012: 260).

Мұстафа Шоқай «Түркістан Ұлттық Бірлігі» Орталық комитетінің мүшесі, кейін жетекшісі ретінде ұйымның Түркістан халықтарының тұтастығын сақтаумен, олардың бір орталыққа бағынған ынтымақтастығын нығайта түсумен байланысты ең маңызды міндеттерін нақты және дәйекті тұжырымдай білді. 1927 жылдың ақпанынан ұйымның «Йени Түркістан» атты журналы Стамбулда шыға бастады. Бұл басылымның басты мақсаты - Түркістан ұлттық тәуелсіздігі мен түркі халықтарының арасындағы тұтастық пен ынтымақтастық идеясын насихаттау еді. 1928 жылы журнал басшылығынан А.З. Валидидің кетуімен байланысты басылымның негізгі ауыртпалығы Мұстафа Шоқайдың өзіне түседі. Осы журналда оның «Большевиктердің Түркістандағы ұлт саясатының идеялық және практикалық қырлары», «Кеңестердің Түркістандағы аштық саясаты», «Түркістанға аштықтөніп келеді», «Орыс қоныстанушыларының деревнясы туралы», «Ұлттық мәселе жөнінде», «Тұран мемлекеті жайында» және т.б. мақалалары жарияланды. Бұл мақалаларда большевиктердің орыс емес халықтарды «бостандық» пен «азаттыққа» жеткізеді, «ұлттардың өзін-өзі билеуі» дегенжалған саясатынәлем жұртшылығы алдында әшкереледі.

Алайда азаттық үшін күрес өрісінің кеңейе түсуі, түркістандықтардың саяси белсенділігі ауқымының артуы Стамбулда шығып тұрған бұл журналдың көтерер жүгінің жетімсіздігін байқатты. «Аз көлемде шығарылған және жергілікті шарттарға тәуелді болған «Йени Түркістан» журналының жалғыз өзі бұл іске шамасы келмейді деген пікірлер ортаға шықты, нәтижесінде, 1929 жылы «Яш Түркістан» журналының шығарылуы туралы басқосулар басталды» (Оқтай, 1950: 36). Сөйтіп көп ізденістің арқасында Польша президенті, маршал Ю. Пилсудскийдің бастамасымен құрылған «Прометей» қорының қаржыландырумен 1929 жылдың желтоқсан айында Берлинде «Яш Түркістан» журналының алғашқы саны жарық көреді. Журналдың мұнда шығарылуының өзіндік себептері бар еді. Бұл жайлар «Яш Түркістан» журналының 1937 жылғы №97 санында жарияланған Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістанның» 9-шы жылы (1929.12-1937)» атты мақаласында жазылды. «Еуропа елдерінің кеңпейілділігін пайдаланып шығарып кележатқан осы бір ұлттық басылымымызды өзіміздің тәуелсіз Түркістанымызда шығаруымыз керекеді. Онда біз өзімізді қазіргіден әлдеқайда бақыттырақ сезінер едік» дегенарманмен басталған мақалада автор түркістандық мұғажырлардың басқа өлке халықтарының мұғажырларына ұқсамайтынын, оның саяси ұйымы, саяси партиясы жоқ екендігі, бірақ соған қарамай кең мағыналы күреске шығып, тарихи тұрғыдан Түркістан мәселесін көрсете білгендей жол табылғанына тоқталады. Бұдан



ары мақалада 1922 жылдың соңында Кеңес үкіметі халықтың өз саясатына деген наразылығын жұмсарту мақсатында Германияға бір топ жастарды оқуға жібергені айтылады. Алайда кейін Кеңес басшылары бұл әрекеттеріне қатты өкініп, сол жастар арасынан «Мұстафа Шоқай агенттері», «фашист шпиондары дайындалды» деп жала жабуға дейін барған болатын. Осылай «Яш Түркістан» журналы Түркістан халқының азаттық рухына, Германияға оқуға келгендер мен Түркиядағы жастарға арқа сүйеп дүниеге келген еді (Шоқай, 2012: 278).

Шын мәнісіндегі Түркістан азаттығы жолындағы ұлттық қозғалыстың жалынды жаршысы, тәуелсіздік идеясының асқақ туы бола алған журналдың 1929 жылдың желтоқсан айынан 1939 жылдың қыркүйек айына дейін 117 саны жарық көрді. Мұстафаның мұнда жарық көрген 224 еңбегі кеңестік Ресейдің бұрынғы патшалық Ресейдің тікелей мұрагері екенін дәлелдеп, отаршылдық саясатты бүкіл әлемге әшкереледі. Большевиктер артқы шепке ығыстырып тастаған ұлттық мүдделер мен ұлттық мұраттар алға шығарылды. Отарлықтан көмескі тартқан ұлттық рухты оятты (Нүсіпханұлы, 2020: 158).

Айрықша білімдар, бірнеше тілдерді жетік білетін Мұстафа Шоқай алғашқы күндерден бастап журналда басылатын материалдардың шындыққа толық сәйкестілігіне, мазмұны мен идеялық ұстанымдарына, материалдардың сапалы мен терең мағыналы болуына, сан салалы тақырыптарды қамтуына тұрақты көңіл бөлді, оның идеологиялық бағыт-бағдарының қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Журналдың алғашқы санынан ерекше көңіл бөлінген мәселе ТҮБ-нің бағдарламалық бағыты болды. Мұстафа Шоқай ТҮБ-нің бірінші кезектегі міндеті және таяу арадағы мақсаты туралы «Көтерілістен- ұйымшылдыққа (Көтерілістен-ұйымға)» атты мақаласында былай атап-атап көрсетті: «1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» (Шоқай, 2007: 86). Ал 1932 жылы «Түркістан түрікшілдігі» атты мақаласында: «Түркістанның болашағы «Тәуелсіз Түркістан» ұраны астында Ресейден бөлініп шығып Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында, татарлар мен башқұрт бауырларымыз Түркістан Түрік мемлекетімен қойындасып, қолтықтасып кете алса, түрікшілік пен түрік рухы үшін ұлы табыс болар еді. Біз бүгін ұлтты құтқару кәсімізде, ұлттық құрылысымызда түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» деп жазды (Шоқай, 2007: 256). Бұл үзіндіден үш мәселенің басы ашылады. Бірі - түркістандықтардың татар, башқұрт бауырлармен «қойындасып, қолтықтасуынан» тұтас түрікшілікпен түрік рухының күшеюі. Екіншісі - түркістандықтардың ру, ұлыстарға бөлінбей бір ұлттық ұранның астына топтасуы. Үшінші - осындай түркі тұтастыққа іштей іріткі салатындар ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары екендігі.

«Прометей» қозғалысы Польшаның Бас штабы мен Сыртқы істер министрлігінің Шығыс бөлімі эмигранттардың барлық топтарын біріктіру және КСРО-ға қарсы пайдалану туралы Ю. Пилсудскийдің алға қойған міндеттеріне байланысты құрылған болатын. 1927 жылдың көктемінде Мұстафа Шоқай Стамбулда өткен ТҮБ-нің конгресінің тапсырмасы бойынша «Прометей» ұйымына кіреді. Ал ұйымның идеологиялық қызметінің мазмұны М. Шоқайдың әртүрлі тілде жарық көрген шығармалары мен хаттарында сипатталды. 1931 жылдың 16 қазанында Польша барлау қызметінің майоры В. Добровскийге жазған хатында бұл нақты көтерілген болатын. «Түркістан мәселесі – ұлттық мәселе» дей отырып, оның нәтижелі болуы үшін елдің ішінен де, одан тыс жерлердегі түркістандық эмигранттардың арасынан да мықты ұйымдасқан қолдау керектігін, ұлттық мәселеде эмиграцияның рөлін жай ғана «қосымша» деп қарауға болмайтынын, құрамы барынша толық, қазіргісіне қарағанда қаржылық және интеллектуалды-техникалық күштердің ауқымының мәндірек болуын атап көрсете келіп, Мұстафа Шоқай эмиграциялық қызметтің қазіргі және түпкі мақсатын былайша ашып берді: «Қазіргі жағдайда эмиграцияның міндеті әртүрлі жағдайлармен Шығыс елдерінің мыңдаған шақырымында бір-бірінен бөлектеніп, шашылып кеткен эмигранттық топтар арасындағы ұлттық тәуелсіздік идеясын насихаттау, идеялық байланыс пен ұйымдасқан бірлікті орнатуға үгіттеу істерімен шектеледі. Эмиграцияның міндеті - Түркістан мәселесін «интернационалдық» («халықаралық» деп айтқан жақсырақ болар) ортаға шығару (қозғау) екені өзінен-өзі түсінікті нәрсе» (Шоқай, 2006: 189). Автор бұдан ары Еуропаның да, бүкіл әлемнің де қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы бейбітшілік пен тыныштықты қалайтынына тоқталып, Еуропа түркістандықтардың әдемі көздеріне бола немесе «каналшылардың тапталған құқықтарын қорғаймын» деп, большевиктермен қызыл кеңірдек болмайды және соғысуға бармайтынын айта келіп: «Бізге қарсы жүз миллиондық ұлы орыс халқы тұр. Оның ұлттық үстемдігіне қарсы күресті біз барлық «шет аймақтар» - кавказдықтар, украиндық және басқалар тығыз байланыста ғана жүргізуіміз керек. «Интернационалдандыру» - тек осы мәнде ғана маңызды және сөзсіз қажет. Ол іске асатын жұмыс және оны ұйымдық жағынан жүзеге асырамыз...» деп жазды (Шоқай, 2006: 189). Мұндай маңызды мақсатты Мұстафа Шоқай Түркістанның азаттығына

қарсы жаудың тым күшті болуымен байланыстырып, түркістандықтардың азаттық алу жолындағы жеке-дара күресінің ойдағыдай нәтижелерге жете алмайтындығынан нақты қойып отыр. Осындай себеппен ол Ресейдің отарлық езгісін көріп отырған басқа да халықтардың өкілдерімен күш біріктіруді, өзара байланысы жоқ жергілікті сипаттағы жеке-жеке бас көтерулерді ұйыстыруға, одақтасарды айқындау мәселесіне, бір мықты саяси ұйымының маңына топтастыруға ерекше мән береді.

Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өмірін арнайы зерттеу объектісі еткен мұстафатанушы Б. Садықова «Прометей» қозғалысының бірнеше міндеттері мен мақсатын былайша ашып берген еді: «Совет еңбекшілерінің саяси санасын ауызша құралдармен ояту және прометейшіл халықтарды саяси күрес нысандарына тарта отырып, ұлттық қозғалыс пен ұлттық тәуелсіздік үшін күресті теориялық және практикалық жағынан жетілдіре түсу, Еуропаның және әлемдік қауымдастықтың жалпыресейлік мәселеге, большевизмге және сталиндік тоталитаризмге қатынасын қалыптастыру еді. Ал мақсат прометейшіл халықтардың өзін-өзі басқару құқығына ие ету болатын» (Садықова, 2009: 72).

«Прометей» ұйымының ықпалымен 1929 жылы 5 маусымда Варшавадағы Шығыстану институты Кеңестер Одағының ішкі және сыртқы саясатына арналған ғылыми-теориялық конференция өткізді. Осы конференцияда Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің Түркістандағы отаршыл саясатын талдауға арналған баяндама жасады. Бұл тыңдауға КСРО Сыртқы істер министрлігі Шығыс бөлімінің басшысы генерал Голушко және басқа ресми әскери адамдар қатысты (Қойгелдиев, 1997:45). 15 жыл бойы жарық көрген «Promethee» журналының негізін құрушы да, егесі де тәуелсіз Кавказ (Грузия, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ) комитеті болды. Мұстафа Шоқай 1927 жылдан бұл журналдың редакциялық комитетінің мүшесі ретінде оның жұмысына белсенді қатысты. Ал 1928 жылғы маусымда шыққан санынан журналдың ішкі мұқабасындағы «Прометей» сөзінің астындағы «Украина мен Кавказ халықтарының ұлттық қорғаныс органы» деген айдарға «Түркістан» сөзі қосылды (Қара, 2004: 179). Мұстафа Шоқай «Прометей» ұйымындағы бірсыпыра эмигранттық ұлттық қозғалыс өкілдерімен тығыз қарым-қатынас жасады. 1919 жылғы қаңтар айының бас кезінде Баку қаласына болғанда басталған, кейін Парижде жалғасын тапқан Әзірбайжан саяси эмигранттарымен қызметі туралы сөз еткенде оның «Яш Түркістан» журналының 1933 жылғы №42 санында Әзірбайжанның Ұлттық мемлекет болып жариялануының 14 жыл толуына байланысты «28 мамыр» атты аса тағылымды мақаласында: «Мен бұл арада біз түркістандықтардың осы бір айтулықүнге байланысты сүйініші етжақын бауырларымыздың сүйінішімен біте қайнасып жатқанын білдіру үшін«біз» сөзін қолданып отырмын» деп бастап, әзірбайжандықтарға деген шынайы сезімін былай танытты: «Саяси күрес дәуірінде өтіп жатқан әрбір жыл, әрбір ай біздің шапшаң қимылдауымызды және өзара тығыз ынтымақта болуымызды талап етеді. Әлсіз болуымыздың және қазір де әлсіздік танытып отыруымыздың басты себебі - біздің өз бойымызда бар мүмкіндіктерді танып-біле алмағанымыздан болып отыр. Шын мәнісінде біз аса зор күшке иеміз. Бұл күш – түрік бірлігі, түрік шептерінің бірлігі, сөз жүзіндегі ғана емес, іс жүзіндегі бірлігі...» (Шоқай, 2007: 317). Міне, көріп отырғанымыздай, бұл мақалада көтерілген түрік бірлігі мәселесі бүгінгі күн үшін де маңызын әсте жойған жоқ, қайта бұған деген қажеттілікті күшейте түсіп отыр. 1938 жылы «Прометей» қозғалысының жалпы жиналысында журналдың аты «La Revuede Promethee» деп өзгерді. 1936 жылы әртүрлі себептермен бұрынғы «Прометей» журналынан қол үзген М. Шоқай 1939 жылы қайта оралып, журналда оның бірнеше мақалалары жарық көреді.

Мұстафа Шоқай мен Грузияның саяси эмигранттары арасындағы қарым-қатынас та мазмұнды болды. Өз елдерінің тәуелсіздігі үшін күрескен кавказдықтарға деген өз көзқарасын Мұстафа Шоқай 1934 жылы жазылған «Кавказия федерациялық келісімі» атты мақаласында былайша айқындап еді: «Біздерге, Ресейден бөлініп өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізді құру мақсатында күресіп келе жатқан халықтарға, Ресейге қарсы бағытталған ұлттық күресіміздің мүддесі тұрғысынан қарағанда Кавказ мәселесі айрықша маңызды. ...Біз бұл келісімді таяу болашақта өз рөлін толық атқарып, атамекенімізді орыс империализмінің бұғауынан құтқаруға көмектеседі деген үміттеміз» (Шоқай, 2007: 34). Осылай ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған барлық халықтардың тізе қосып, күш біріктірулерінің жолдарын жан-жақты іздестіріп, бірге қимылдайық деген мақсатпен айтылған: «Орыс империализміне қарсы күрес майданындағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады... Бұдан басқа жолдардың барлығы алдамшы, тұйық...» деген сөздер саяси күрестің тамаша тактигінің ойынан туған идея еді (Шоқай, 2007: 235). Бұлай ұйымдастыру тәсілдерін тандап алу ұлттық талап-тілектердің толық жүзеге асырылуына көмектесетінін саяси күрес тәжірибелері талай рет дәлелдеген болатын. Дегенмен кейбір принципті мәселелер төңірегінде Мұстафа Шоқай «Прометей» ұйымынан аулақ та тұрған. 1938 жылғы 17 тамызындағы осы ұйымының идеологы және насихатшысы әзірбайжан қайраткері М. Векиллиге жолдаған хатында түркістандықтардың бұл ұйымнан алшақ екенін ескерткен. Прометейшілдердің түркістандықтармен

келіспестен, ойларына келген қолайсыз істер жасап, беделдерін түсіріп алғандығын жазып, олардың жалпы ұлттық істерді «топтық» деңгейге түсіргені үшін айыптаған болатын (Шоқай, 2006: 100). Осы тұста кейбір прометейшілдердің түсініспеушілікке ретсіз негіз еткен Мұстафа Шоқайдың 1939 жылғы «Яш Түркістан» журналының 114-санында жарық көрген «Түрік бірлігі хақында» деген еңбегіне арнайы тоқтай кетейік. Автор «Түрік бірлігі - турасын айтқанда «мұғажырияттағы түрік топтарын бірлестіру» мәселесі өз алдына жаңа мәселе болып тұрғанын, оның бүгінгі күнге дейін жеке әңгімелер мен мақалалардың тақырыбы болып келгенін, алайда оның нәтижелі болмағандығы біздің өмір сүрген кездің жағдайынан туындаған себептердің үстем болып отырғандығынан дейді. Бұл арада азаттық күресінің тактикалық мәселесі алға шығады. Мұстафа Шоқайша, түрік дүниесі «геосаяси» жағынан біртұтас бірлік түзуге қолайсыз. Мысалы, Әзірбайжан түріктері өзінің жағрапиялық және содан туындайтын басқа да жағдайлары жағынан Кавказ жерімен және Кавказ халқымен тығыз байланысты. Бірақ та Кавказ халықтарының ешқайсысы да жеке-дара тәуелсіздікке қол жеткізе алмайды. Сондықтан Мұстафа Шоқай Ресей империализміне қарсы күресіп жатқан халықтар ұйымдастырған «Прометей» майданымен де есептесу қажет, өйткені бұл майданға Ресейдің қол астындағы түрік халықтарынан басқа түріктер де, тіпті мұсылман емес халықтар да кіреді дейді (Шоқай, 2007: 358). Әңгіме Ресей империализмінің үстемдігін көріп отырған халықтардың ұлтымен, нәсілімен, басқа да ерекшеліктерімен есептеспей, қарсылық бірлігімен санасуда болып отыр еді. Ал 1939 жылғы «Яш Түркістан» журналының №116-117 сандарында жарық көрген «Түрік бірлігі төңірегіндегі көтерілген орынсыз айтысқа орай» атты мақалада «Идель-Орал» қоғамының негізін қалаушы және оның «Прометей» ұйымындағы өкілі Аяз Исқақи әпенді Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістан» журналының 114-санында жарияланған «Түрік бірлігі» атты мақаласында көтерілген идеяларға қарсылық білдіріп, бірнеше мәселелер көтерген болатын. Осының мәндірек деген екеуіне тоқтай кетейік. Біріншісі - Мұстафа Шоқайдың жазғаны бұрмаланып, «Прометей майданындағы» Кавказия, Түркістан және Украина ұйымдары өкілдерінен құрылған «Достық комитетін» «Үміт майданы» деп шатастырып, комитетті «Прометей майданына» қарсы қояды. Екіншісі - «Түрік бірлігі» мақаласындағы М. Шоқайдың «түрік топтарын бірлестіру мәселесі, шын мәнінде, саяси мәселе» дегенін Аяз әпенді біздің «Мәдени бірлікке» көшкенімізді МЧ (Мұстафа Шоқайды айтып отыр - Ә.Б) әпенді білмей ме деп сынады. Мұстафа Шоқай бұған мәдени бірліктің өзі саяси іс-қимылдарды қажет етеді деген уәж айтады. Мақалада басқа да бұрмалауларға дәлелдер келтіріп, автор «...Қазір бір түрік ұйымына біріге алмай отырғанымызда, осы күнге дейін өзіміз қатысып келген «Прометей» майданына адал болып, соның ішінде тұрып та түркістандықтар, еділ-оралдықтар және қырымдықтар дос-дұшпанның көз алдында бір-бірімізбен мәдени-рухани байланыстарымызды нығайтып, әйгілеп жүрейік» деген тұжырым жасайды (Шоқай, 2007: 374).

Мұстафа Шоқай туған халқының ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресті басқа тәсілдермен жүргізудің жолын да қарастырған болатын. Мысалы, халықаралық конференцияларға қатысу, тым болмағанда оларға хаттар жіберу және өзі де сөз сөйлейтін жиналыстар ұйымдастырудың мүмкіндіктерін табу. Бұл ақпарат құралдарында ол жеке Түркістан халқының ғана емес, бүкіл түрік тұқымды барлық халықтардың дамуын ойлап, жоғын жоқтады. Мысалы, Мұстафа Шоқай 1920 жылдары Швейцарияның Лозан қаласында жиналған Түркияның тағдыры жөніндегі халықаралық конференцияға Түркістан және жалпы Түрік әлемі жөнінде үндеу хат жіберумен қанағаттанбай, сол конференцияға өзі барып, тиісті кісілермен бетпе-бет сөйлескен. Мысалы, Түркия делегация бастығының орынбасары доктор Рыза Нұрға жолығып, ұзақ кеңескен (Оралтай, 1997: 9).

Міне, жоғарыдағы хаттар мен мақалалардың саяси һәм парасатты мазмұны М. Шоқайдың түркі халқының қамын ойлаған эмиграциядағы ұлт өкілдерінің бірлігін ойлаған берік ұстанымын білдіріп ғана қоймай, оның жалпы мұсылман эмигранттары көшбасшыларының бірі екенін айқын танытады. Мұстафа Шоқайдың 1929 және 1939 жылдардың арасындағы саяси һәм шығармашылық қызметімен танысу оның бұл кезеңінің ерекше жемісті болғанын көрсетеді. Осы жылдары Мұстафа Шоқайдың бірнеше тілде жазылған, сан тақырыпты қамтыған 700-ден астам еңбегі дүниеге келді. Бұл қарқынға «Яш Түркістан» журналының айрықша шабыт қосқанын да айта кеткен артық емес. К. Есмағамбетов: «М. Шоқайдың туындылары Батыс елдерінде сенімді дереккөз ретінде саналды. Өмірінің соңғы күндерінде оған Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Германия, Италия, Түркия, Польша, Румыния, Голландия, Швециядан Орта Азия мен Қазақстан тарихы, Ауғанстан мен Шығыс Түркістандағы жағдай, халықаралық қатынастар мәселелері бойынша ақыл-кеңес сұраған хаттар легі толастамады» деп жазған болатын (Шоқай, 2012: 442). Шынында да Мұстафа Шоқайдың түрлі саяси деңгейдегі, әртүрлі мінез-құлықты кісілермен жазысқан хаттарын оқи отырып, сол кездегі дәуір тынысын да, әрбір қайраткердің өрелі өрісін де, әлеуметтік әлеуетін де жақсы байқауға болады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың да саяси қайраткер, майталман публицист, дүниетанымы жоғары мәмілегер ретіндегі ерекше сергек ұстанымы, қарым-қатынастағы айрықша мәдениеттілігі, замана ұсынған және ортақ әңгімедегі саяси оқиғаларды терең білетіндігі, қиын мәселелерді түсінудегі пайым-парасаттылығы, әділеттілікті ту еткен адами болмысы да ашыла түседі.

Башқұрт жазушысы Абдулкадыр Инан 1929 жылғы 2 наурыз күні Стамбулдан М. Шоқайға жазған хатында «Есіңізге алып, хат жазғаныңызға көп риза болдым. Төбем көкке тигендей болды. Сауалдарыңызға жауап жазып жатырмын...Башқұрт hareketі хақында Салах Атнағұлов (жазушы, саяси қайраткер - Ә.Б.) «Башкирия» деген кітап шығарған еді. Оның бірталайы бітті. Менде артық түптелгені бар. Егер бұл кітапты көрмеген болсаңыз, өзіңізге материалдарымен бірге жіберемін» (Шоқай, 2006: 154). Сонымен бірге хат иесінің «Башқұрт аймағы», «Білім» деген башқұрт басылымдарын ұсынуына қарағанда Мұстафа түркі тектес башқұрт халқының тарихына да қызығушылық танытқан сияқты. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай кейбір шетелдіктердің Түркістан жөнінде материалдар жинап, кітаптар дайындауларына көмектесумен шектелмей, тіпті ондай кітаптардың тиісті бөлімдерін жазып та берген. Мәселен, неміс тілінде 1942 жылы «Түркістан» деген атпен шыққан R. Olzscha мен C. Cleinow бірігіп жазған 434 беттік кітаптың 363-беттен 409-бетке дейінгі бөлігін өзі жазған (Оралтай, 1997: 7).

Эмигранттар арасында үлкен қызығушылық туғызған, 1928 жылы француз тілінде тұңғыш жарық көрген «Орта Азия Кеңестер қол астында», ал 1935 жылы толықтырылып «Кеңестер қол астындағы Түркістан» деген атпен қайта шыққан кітап Мұстафа Шоқайдың сол кездің өзінде-ақ өз елінің аса зиялы тобына жататынын, Орта Азияда болып жатқан оқиғаларды жақсы біліп, мәселелерді терең түсінетінін танытқан болатын. Сондықтан бұл еңбектер Батыста кеңестану ғылымының бастауы болды (Кыдыралина, 2011: 3).

Кітап туралы пікірін ерте танытқан Әзірбайжан Демократиялық Республикасының Парламентінің төрағасы Топчибашы Әли-Мардан 1928 жылғы 30 тамызда жазған алғашқы хатында «Орта Азия Кеңестер қол астында» кітапты оқып шыққанын, одан алған әсері туралы автормен бөлісіп, өзі басқарып отырған делегация және әзірбайжан зиялы құрамы үшін кітаптың бірнеше данасын жіберуін сұраған (Шоқай, 2006: 102). Башқұрт әскери басқармасында, кейін Деникиннің армиясында қызмет еткен, Бельгияға, одан соң АҚШ-қа қоныс аударған А. Демидов 1935 жылғы 8-інші желтоқсанда Филадельфиядан жолдаған хатында Нью-Йорк газетінен «Кеңестер қол астындағы Түркістан» («Түркестанподвластью Советов») атты кітабының баспадан шыққаны жөніндегі ақпаратты оқып қуанғанын, оның енді авторға жаңа мәртебе алып келетінін білдіреді. Ал құмық, солтүстік кавказдық саясаткер Г. Баммат осы жылғы 10-шы желтоқсанда жазған хатында Түркістан туралы жаңа кітаптың қолға тигеніне қуанышын танытқан болатын (Шоқай, 2006: 284-285). Ал француз ғалымы Ж. Кастанье 13-желтоқсанда жолдаған хатында «Кеңестер қол астындағы Түркістан» атты кітапты зор ықыласпен оқып шыққанын жаза отырып былай деген: «Түркістанмен жете таныс, оны сүйген, оның өмірімен, болашақ үміттерімен біте қайнасқан мен сияқты адам Сіздің дауысыңыз – Түркістанның дауысы, зәбір-жапа шеккен, екіжүзділік пен әділетсіздіктен жараланған елдің дауысы екенін анық сезеді» деп тебірене жазады (Шоқай, 2006: 286).

М. Шоқайдың эмиграциядағы түрік ұлттық қозғалыс өкілдерінің өзара жазысқан хаттарымен танысу арқылы олардың арасында да күрделі мәселелердің болғанын байқауға болады. Түрік әлемі халықтарының тағдыры туралы көзқарастардағы айырмашылықтар, басшыларының жеке менмендіктері, олардың кеңестік құпия органдардың араласуы т.б. совет өкіметіне қарсы күресте күштерін біріктіруге мүмкіндік те бере бермеген еді. 1929 жылы 21 ақпанда Краковтан Мұстафа Шоқайға жазған хатында Уфа губерниясының тұрғыны, саяси қайраткер, заңгер О. Тенерекұлы: «Мен де Сіз сияқты жалпытүріктік көзқарасты ұстанамын, Түркістан туралы мәселеге немқұрайлы қарай алмаймын, Ресейде түрік ұлттық мәселесі тәуелсіз Түркістан болғанда ғана шешілетініне сенемін» деді (Шоқай, 2006: 121). 1932 жылғы 12 наурызда Стамбулдан жазған хатында М. Векилли аттасынан алған хаттан өз сөзімен айтқанда, Париждегі «өз көшелеріндегі» жағдайды егжей-тегжей түсінгені, көп нәрсеге көзін ашқанын жазған болатын, Мұстафа Шоқай М. Векиллиге жазған жауабында: «Сіз дұрыс айтасыз, біздің «түрік майданында» олқылықтар көп. Бұл олқылықтарды жөндеу, дұрысын айтқанда, бүтіндеу – ең бірінші тұрған міндет» - деп жазды (Шоқай, 2006: 227).

Ең бір өкініштісі - мұндай түсініспеушіліктің саяси күресті бірге бастаған, не бір қиын кезеңдерде бірге болған, башқұрт ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, шығыстанушы ғалым А.З. Валидимен болғаны. Шындап келгенде, мұндай түсініспестік 1918 жылдардан басталған болатын. Ал кейінгіні мынандай себептері бар еді. Біріншісі, М. Шоқайдың эмиграциядағы орыс демократтарының басылымдарына қатысуы. Мұның аяғы насырға шауып, 1927 жылы М. Шоқай «Түркістан Ұлттық бірлігі» Орталық комитетінен, тіпті ұйымнан шығуға мәжбүр болды. Бірақ өмір М. Шоқайдың бұл ақпараттық алаңын пайдалануының тиімді болғанын көрсетті. Екінші мәселе - А.З. Валиди «Түркістан Ұлттық бірлігін» федеративті ұйым деп, башқұрт ұлт-азаттық қозғалысын соның бір ұйымы ретінде түсінуі еді. Мұндай пікірмен Мұстафа Шоқай әсте келісе алмады, жеке-дара күреспен еш мәселе шешілмейтініне сонау Түркістанда жүргенде-ақ көзі жеткен тұғын. Ал эмиграцияда саяси күштердің бірлігі қажет екендігін тіпті дәлелдеудің қажеті жоқ екені түсінікті.

Мұстафа Шоқайдың ерекше бір қасиеті пікірлескен не сұхбаттасқан кісінің қайшылықты көзқарастарымен еш келісе қоймаса да, оның өзіндік қасиеттерін көре білді, оны ашық айтты. Ол Заки Уәлидидің өз әріптестерімен қақтығысы кезінде оның саяси көзқарастарын сынай отырып,

оның ғылыми бағыттағы жұмыстарын жоғары бағалады. Бұған 1930 жылы 27 мамырда жазған хатындағы мына жолдар дәлел бола алады: «Валидовтың саяси мәселелер бойынша кейбір, шындықты айтсақ, көптеген пікірлерінің даулы екендігін біле отыра..., мен Валидовқа ғылыми сипаттағы мақалалар жазуға мүмкіншілік беруді жақтаймын. Ол ғажап эрудит, біздің тарихымызды, этнографиямызды жақсы біледі, оның әрбір мақаласы аса құнды және басылымның мазмұндық әрін күшейте түседі» (Көкебаева, 2021: 4). Осылай Мұстафа Шоқай саяси әріптестерімен қарым-қатынасында жеке бас араздығынан жоғары тұрды, оның кейбір көрнекті эмигранттармен келіспеушілігі идеялық айырмашылық пен саяси күрестің тактикасы мәселесіне қатысты болды.

**Нәтижелері.** Тақырып ауқымы кең болғанымен, мақаланың көтерер жүгіне қарай қол жеткен материалдарды ғана зерделеуге мәжбүр болдық. Осы күнге дейін Мұстафа Шоқайдың мыңнан астам шығармашылық мұрасының негізінен «Яш Түркістан» журналында жарық көрген 224 мақаласы ғана қазақ тіліне аударылып отыр. Орыс тіліндегі 400-ден астам мақаласын былай қойғанда, 130-ден астам француз тіліндегі, ағылшын, неміс және поляк тілдеріндегі 17 және Стамбулда шыққан «Йени Түркістан» журналында жарияланған мақалалар т.б. әлі қазақ тіліне аударылған жоқ. Дегенмен зерттеу объектісі етіп алған материалдар тақырып мазмұнын белгілі бір деңгейде ашуға мүмкіндік берді. Біріншіден, Мұстафа Шоқайдың берісі Түркістан халқының, арысы бүкіл түркі дүниесінің азат болуын, еркін өмір сүруін ойлаған, армандаған ұлы қайраткер екендігіне көз жеткізілді. Екіншіден, қайраткердің артынан қалған бірнеше тілде жазылған мол мұрада Кеңес Одағының ұлттар жөніндегі ұстанған саясаты жан-жақты талданды, әшкереленді. Бұл эмиграциядағы көптеген ұлттардың азаттық күрес жетекшілеріне үлгі-өнеге болды.

Мұстафа Шоқайды эмиграциядағы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі ретіндегі ұйымдастырушылық қабілетін, өз ұстанымынан таймайтын саясаткер екендігін мойындаған эмиграциядағы әзірбайжан қайраткері, «Прометей» ұйымы басшыларының бірі М. Векилли «Кавказ бірлестігіндегі» алауыздықтарға, келіспеушіліктерге тоқталып, оған «біздің ұлттық күштерімізді біріктіру жолында Сіздің көмегіңіз бен қолдауыңызды күтемін. Себебі, біздің ісімізге Сіздің жаныңыздың аштығын білемін» деуі жайдан-жай емес еді (Шоқай, 2006: 74). Ал Мұстафа Шоқай қайтыс болғаннан кейін оның еңбегіне Еуропадағы Грузия Демократиялық Республикасының елшісі Акакий Чхенкелі мынандай баға беріп еді: «Мұстафаның қызметі Парижде, Лондонда, Женевада және басқа Батыстың орталықтарында соншалықты есептеуге келмейтін сан салалы және жемісті болды. Өзіміз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтары достығы» қоғамында ол өз еліндей үлкен орын алды. Бұл кезде Мұстафа аты Түркістанның кең көпшілігіне ғана емес, бүкіл Совет Одағына танымал болды. Бұған ол жақтан әртүрлі жолмен алған газеттер мен брошюралар куә бола алады. Осында сирек келген түркістандықтардан Түркістан төңірегінде жалғыз ғана адамның дауысына таң қалғандарды аз естіген жоқпыз. Совет-Герман соғысы кезінде соғыс тұтқындары лагерлердің бірінен ол өзіне тән батылдықпен атуға бұйырылған бірнеше ондаған еврейлермен шатастырған жас грузиндерді атылудан құтқарып қалады. Ол өз өмірін қатерге тігіп, қорқынышты қатені түсіндіре отырып, үкімнің орындалуын тоқтатқан. Міне, қандай жабайы кезде өмір сүрді және күресті біздің Мұстафа. Сен жоқсың, қымбатты дос, бізде жақсы ғасырда өмір сүріп жатқанымыз жоқ, ал сенің атың мен идеяң біздің халықтар достығының символы болып біздің ортамызда қалады» (Шоқай, 2014: 325).

Эмиграциядағы Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі Мәскеуге де белгілі болды. 1924 жылы Лубянкадағы Кеңестік мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Сталинге жолдаған жедел хатында қазақ интеллигенциясы өкілдерінің мұсылмандар басым тұратын жерлерде жеке мемлекет құруды насихаттап жүргенін, олардың «тәуелсіз Түркістан» мемлекетін көксейтіндігін хабарлаған болатын (Совершенно секретно, 2001: 274). Сондай-ақ Кеңес көсемі И. Сталин 1925 жылдың 29 мамырында РК(б)П Қырғыз өлкелік комитетінің Бюро мүшелеріне «ақгвардияшыл баспасөзге мәлім Шоқайдың» қазақ басылымдарынан алынған мәліметтерді пайдаланғаны туралы мынандай мазмұнда хат жазғаны белгілі. Онда «Біз өкіметті, - деп атап көрсетті Сталин, - жастардың саяси және идеологиялық тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге табыстау үшін алғанымыз жоқ. Бұл майдан толығымен және еш қалдықсыз коммунистерде қалуы қажет. Олай болмаған жағдайда шоқайшылардың жеңісі Қырғызстанда (Қазақстанда) болуы әбден мүмкін. Ал бұл Қырғызстандағы коммунизмнің идеологиялық және саяси күйреуімен теңбе-тең» (Журавлев, 2009: 345). Кейін «Шоқайшылар» сөзі Кеңес үкіметінің Мұстафа Шоқай идеясымен күресінің басты терминіне айналды.

**Қорытынды.** Мұстафа Шоқай Түркістанда әуелі автономия, кейін тәуелсіздік үшін күреспен шектелген емес. Ол барлық түркі халықтарын большевиктік отарлауға жан-жақты қарсылықты ұйымдастырушылардың ортасында болып, қайтпас қайсарлық пен ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Ұлы тұлғаның өзіндік бір ерекшелігі де осында жатыр еді. Алға қойған мақсатына қол жеткізу жолында өзінің абырой-беделіне нұқсан келмейтін кез келген қолайлы мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылды. Өмірінің соңына дейін өз халқының келешегі мен тыныштығы үшін еш аянбаған, бүкіл түркі әлемінің қамын ойлаған, нағыз қайсар күрескер, өзінің Мұстафасының адами һәм саяси

болмысы туралы Мария Шоқай былай жазған болатын: «Саясатта да ол намысқой әрі жанға жақын болуы арқылы адамдардың жүрегіне жол табатын. Пікірталаста қызу қанды болушы еді. Өз пікірін дәлелдеуде қарсыласының намысына тиюден аулақ болатын. Көзқарас жиегі кең болғандықтан, өзінің ойын еркін жеткізетін және айтқан пікірінің тыңдаушыға ұнаған-ұнамағанына мән бермейтін. Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың дүшпаны еді. Ол бүкіл Түркістан ұлттарының бірігуі жолындағы күрескер еді» (Шоқай, 2007: 217). Шынында да, сұңғыла стратег, қайраткер Мұстафа Шоқай саяси қызметтің, керемет ой-түжырымдардың тамаша үлгі-нұсқаларын көрсетіп, ұлттық тарихымызда бұрын-сонды болмаған жаңа беттер жазды. Бұл рухани құндылықтар өзінің туған, қазіргі тәуелсіз елінің айрықша қажеттілігіне айналып отыр. Мұны ұлы тұлға мұрасымен танысқан, зерделеген кез келген оқырман жақсы сезіне де, қабылдай да алады.

### Әдебиеттер тізімі

Доктор Оқтай. Түркістан ұлттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай (Марқұмның туғанына 60 жыл толуына орай). (Turkistan milli hareketive Mustafa Shakay (Merhumun 60 inci Dogum Yili Munasebelile). Стамбул. 1950. 55 б.

Көкебаева Гүлжауһар. Біз Отанымыздың ұлттық теңдікке ұмтылысынан нәр аламыз. // Егемен Қазақстан. 18 мамыр, 2021 жыл. 4 бет

Қыдыралина Жанна, Мұстафа Шоқай. Яркое имя в плеяде борцов за независимость // «Прикаспийская коммуна», 2011, 14 июнь. С.2

Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы /Түрік тілінен ауд. Г. Шадиева. Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. 320 б.

Қойгелдиев М. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқайұлы. // Ақиқат. 1993, №3. 71 б.

Қойгелдиев М. Түркістанның ұлы перзенті. // Қазақ тарихы, 1997, №4. 44-49 б.

Нүсіпханұлы А. Қайғынды, қайран қазақ, арқаладым... : шығармалар. 2 том. Алматы: «Қоғам және кылмыс.» 2002. 318 б.

Оралтай Хасен. Мұстафа Шоқай және оның шет елдердегі ізбасарлары.//Қазақ тарихы, 1997 №4. 5-14 б.

Общественная мысль Русского зарубежья: Энциклопедия /Отв. ред. В.В. Журавлев; отв. секр. А.В.Репников. Москва.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2009. 704 с.

Садыкова Б.И. Мұстафа Шоқай в эмиграции. Алматы: Изд-во «Мектеп», 2009. 248 с.

«Совершенно секретно» Лубянка - Сталину о положении в стране (1922-1934 гг.): Сб. док. в 10 т. Т. 2. 1924 г. Москва, 2001. 516 с

Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. Т.1. Алматы: СаҒа, 2006. 424 бет.

Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. Т.2 . Алматы: СаҒа. 2006. 372 б.

Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. Т.1. Алматы: Қайнар. 2007. 352 бет.

Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Т.2. Алматы: Қайнар. 2007. 392бет.

Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Т.3. Алматы: Қайнар. 2007. 384 б.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Т.1. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 544 б.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Т.2. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 640 б.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Т.3. Алматы: Дайк-Пресс . 640 б.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. Т 5. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 540 б.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Т.9. Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 568 б.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Т.11. А Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 544 б.

### References

Doktor Oktai. Turkistan ul'ttyk kozgalysy zhane Mustafa Shokai (Markymnyn tuganyna 60 zhyl toluyna orai). [Turkestan national movement and Mustafa Shokay (60th Birthday of the Deceased Munasebelile)] (Turkistan milli hareketive Mustafa Shakay (Merhumun 60 inci Dogum Yili Munasebelile). – Stambul, 1950.- 55 p [in Turkish]

Kokebaeva Gulzauhar. Biz Otanymyzdyn ul'ttyk tendykke umtylysynan nar alamyz [We are rooted in the aspiration of our Motherland to national equality]. // EgemenKazakstan. 18mamyр, 2021. 4 b. [in Kazakh].

Kydyralina Zhanna, Mustafa Shokai. Yarkaiimia b pleyade borsov za nezavisomost [Mustafa Shokay. A bright name in the galaxy of independence fighters]. // Prikaspiskaya kommuna. 14 mausym, 2011. [in Russian].

Kara A. Mustafa Shokai. Omyry. Kuresi. Sharnashylygy [Mustafa Shokai. Life. Wrestling. Creativity] // turyk tylynen audargan G.S. hadyeva/. Almaty: «Arys» baspasyyu 2004. 320 b. [in Kazakh].

Koigeldi M. Kazak ult azattyk kozgalysy zhane Mustafa Shokaiuly (Kazakh national liberation movement and Mustafa Shokaevich) / Akikat, 1993. №3.71-79 b. [in Kazakh].

Koigeldi M.. Turkstannyn uly perzentyi / Kazak tarihy,1 997. №4. 44-49 b. [in Kazakh].

Nusyphanyly A. Kaigyndy, kairan kazak, arkaladym...[about the plight of the Kazakh people]. Eky tomdyk. Almaty: Kogam zhane kylmys, 2002, 2 tom. 318 b. [in Kazakh].

Oraltai Hasen. Mustafa Shokai zhane onyn sheteldegy izbasarlary [Mustafa Shokai and his followers abroad] //Kazak tarihy.1997. №4. 5-14 b. [in Kazakh].

Obshestvennaya mysyl Ruskogo zarubezhya: Ensiklopedya. [Public Thought of the Russian Diaspora.

Encyclopedia] / otbetsvennii redactor V.V. Zhuravlev / Moskva. Rossiskaya politiskaya ensiklopedya. 2009. 704 s [in Russian].

Sadykova B. Садыкова Б.И. Mustafa Shokai v emigrasi [Mustafa Chokay in emigration]. Almaty: Mekterp. 2009. 248 s [in Russian].

Sovershenno sekretno. Lubyanka – Stalinu o polozheniya v strane (1922-1934 gg.): sbonik dokumentov v 10 tomah. 2 tom. 1924 g. Moskva. 2001. 516 s [in Russian].

Shokai M. Epostoliyarlyk murasy [Epistolary legacy of Mustafa Chokai]. 1 tom. Almaty: CaGa. 2006. 424 b. [in Kazakh].

Shokai M. Epostoliyarlyk murasy [Epistolary legacy of Mustafa Chokai]. 2 tom. Almaty: CaGa. 2006. 372 b. [in Kazakh].

Shokai M. Tandamaly Shygarmalary. [Shokai M. Favorite works]. Ush tomdyk, 1tom. Almaty: Kainar. 2007. 352 b. [in Kazakh].

Shokai M. Tandamaly Shygarmalary. [Shokai M. Favorite works]. Ush tomdyk, 2 tom. Almaty: Kainar. 2007. 352 b. [in Kazakh].

Shokai M. Tandamaly Shygarmalary. [Shokai M. Favorite works]. (Ush tomdyk, 3 tom. Almaty: Kainar. 2007. 384b. [in Kazakh].

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy [Shokai M. Complete collection of works]: 1tom. Almaty: Daik Press. 2012-544 b. [in Kazakh].

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy [Shokai M. Complete collection of works]: 2 tom. Almaty: Daik Press. 2012-640b. [in Kazakh].

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. [Shokai M. Complete collection of works]: 3 tom. Almaty: Daik Press. 2012-664 b. [in Kazakh].

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. [Shokai M. Complete collection of works]: 5 tom. Almaty: Daik Press. 2013. 540 b. [in Kazakh].

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. [Shokai M. Complete collection of works]: 9 tom. Almaty: Daik Press. 2014. 568 b. [in Kazakh].

Shokai M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. [Shokai M. Complete collection of works]: 11 tom. Almaty: Daik Press. 2014– 544b. [in Kazakh].

МРНТИ 03. 20.00

DOI 10.51943/1814-6961\_2022\_1\_170

### ОПИУМ ДЛЯ НАРОДА: АТЕИСТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ ПЕРИОДА «РАЗВИТОГО СОЦИАЛИЗМА»

Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна<sup>1</sup>ИД, Бекмагамбетов Руслан Кабдугалиевич<sup>1</sup>ИД,  
Бимолданова Айгуль Амантаевна<sup>2</sup>ИД

<sup>1</sup>КРУ им. А. Байтурсынова, Казахстан, г.Костанай

<sup>2</sup>КазНПУ им. Абая, Казахстан, г. Алматы

\*Автор-корреспондент

E-mail: Maisara75@mail.ru (Бекмагамбетова), Ruslan69\_07@mail.ru (Бекмагамбетов), malaeva96@mail.ru (Бимолданова)

**Аннотация.** В данном исследовании рассматривается государственная политика в области религии и каким образом она отражалась на жизнь казахстанских детей в период «развитого социализма». В изучаемый период руководством страны провозглашалось улучшение материально-духовного качества жизни людей, реализация идеи воспитания «нового человека» и «обеспечение счастливого детства каждому ребенку». Советская власть пропагандировала марксистско-ленинский научный атеизм, отвергавший традиционные религиозные представления и практики. Новое коммунистическое мировоззрение необходимо было формировать с детства, на это направлена идеологически-информационная кампания в школе, в семье.

Этому способствовали новые советские праздники и обряды, которые должны заменить религиозные. Религиозные практики и обрядность подвергаются жесткой критике, объявляются врагами прогресса, верующие признавались представителями враждебной идеологии. Необходимо было защитить подрастающее поколение от «опиума», сформировать атеистическое мировоззрение на основе научных знаний. Исходя из этого, партийные и государственные органы сделали школу, комсомол, пионерские и общественные организации авангардом этой кампании. Но архивные источники и данные устной истории свидетельствуют о сохранении религиозной обрядности в семейно-бытовой повседневности учащихся.

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

**Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.**

А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ  
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК  
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ (Очерктің II және III бөлімдері бойынша).....5

**Абдиров М.Ж.**

МУХАММЕД-ХАНАФИЯ (ЧОКАН) ЧИНГИСОВИЧ ВАЛИХАНОВ  
ОБ ЭТИМОНЕ «КАЗАК», ЭТНОНИМЕ «КАЗАХ» И ЭТНОГЕНЕЗЕ  
КАЗАХСКОГО НАРОДА (статья первая).....15

**Хамраев А.Т.**

«КИССАС УЛ АНБИЁ» НАСИРЕДДИНА БУРХАНИДДИНА РАБГУЗИ  
В КОНТЕКСТЕ ОБЪЯВЛЕНИЯ ИСЛАМА ГОСУДАРСТВЕННОЙ  
РЕЛИГИЕЙ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ.....24

**Ермуханова Х.К., Бексейтова А.Т.**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....31

**Мейрамбеков А.Қ., Закарья Р.**

XX ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI ғ. БАСЫНДАҒЫ НЕМІС  
ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ.....41

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ  
MEDIEVAL HISTORY**

**Коргабаева Г.К., Авалиев А.А.**

ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПЕРЕПИСКА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА  
С СОСЕДНИМИ ГОСУДАРСТВАМИ (XVIII в.).....50

**Темиргалиев Р.Д.**

О ПОДСУДНОСТИ ЧИНГИЗИДОВ ТРАДИЦИОННОМУ СУДУ БИБЕВ.....61

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
НОВАЯ ИСТОРИЯ  
NEW HISTORY**

**Динашева Л., Сандыбаева А.**

ЛЕЧЕБНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА И ОКАЗАНИЕ  
МЕДИЦИНСКИХ УСЛУГ В КОНЦЕ XIX – В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....69

**Зинуров Р.Н.**

АБУЛХАИР ХАН – БАШКИРСКИЙ СЛЕД. (СОБЫТИЯ И ФАКТЫ).....77

**Мұхатова О.Х.**

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ПРАВОСЛАВИЕЛІК МИССИОНЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ.....89

**Абдулина А.Т.**

К ИСТОРИОГРАФИИ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОСЛАВНОГО  
МИССИОНЕРСТВА В КАЗАХСТАНЕ.....101

**Қуанбай О.Б.**

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ САРЖАНА КАСЫМУЛЫ В НАЦИОНАЛЬНО-  
ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ВОССТАНИЯХ КАЗАХСКОГО НАРОДА В 1825–1836 ГГ.....109



**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА  
SOVIET PERIOD HISTORY**

<b>Капаева А.Т., Касымова Д.Б.</b> ФОРМИРОВАНИЕ КАДРОВ В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: СТИЛЬ ЖУМАБАЯ ШАЯХМЕТОВА.....	120
<b>Ахмет А.Қ.</b> УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ: ТАСАДА ҚАЛҒАН ДЕРЕКТЕР.....	130
<b>Мырзатаева З., Алипова Д., Жұмабаева К., Сапанов С.Ж., Уалтаева А.С.</b> АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ 1920-1930 ЖЖ. ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ МҮНАЙ ӨНДІРІСІНІҢ ОРНЫ.....	139
<b>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т., Ахметбек Б.М.</b> СӘУЛЕТШІЛЕР МЕН СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (1946-1970 жж.).....	149
<b>Бәкір Ә.Қ., Тайман С.Т.</b> М. ШОҚАЙ - МҮСЫЛМАН ЭМИГРАНТТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ.....	160
<b>Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А.</b> ОПИУМ ДЛЯ НАРОДА: АТЕИСТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ ПЕРИОДА «РАЗВИТОГО СОЦИАЛИЗМА».....	170

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ  
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ  
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

<b>Тоқтабай А.У.</b> ТӘЖІКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ МЕН ТАРИХИ ОРЫНДАРЫ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	181
<b>Орынбаева Г.У.</b> КАЗАХСКИЙ АУЛ И СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: ТРАДИЦИОННАЯ КУЛЬТУРА В ПРЕДДВЕРИИ ГИБЕЛИ.....	191
<b>Жомарт Ж.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚОҢЫРАТ ТАЙПАСЫНЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ.....	200
<b>Жетібаев К.М., Сиздиқов Б.С., Арынов Қ.С., Бахтыбаев М.М.</b> СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	209
<b>Abdigaliyeva D., Zhumabayev B., Isabayeva B.</b> THE ROLE OF SACRED SITES IN THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC TOURISM IN KAZAKHSTAN.....	219
<b>Дуванбеков Р.С.</b> О ПРОБЛЕМАХ ХРОНОЛОГИИ КАМЕННОЙ ИНДУСТРИИ ПАЛЕОЛИТА ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В ИСТОРИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ.....	226

**Рецензия  
Сын-пікір  
Review**

<b>Балтабаева К.Н.</b> РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	236
---	-----

**Басуға 29.03. 2022 қол қойылды**  
Шартты баспа табағы – 12,5  
Офсеттік басылым  
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,  
«Отан тарихы» журналының редакциясында басылды